

Байбуриев Руслан Мұратұлының
«6D090200 - Туризм» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін ұсынылған «Ауылдық аумақтарды дамытудағы экологиялық
туризмнің рөлі» диссертациясына

АНДАТПА

Тақырыптың өзектілігі. Қазіргі таңда туристік қызмет бірте-бірте үлкен индустрияға, қызмет көрсетудің қарқынды дамып келе жатқан саласына айналуға. Туристік нарық сектордағы кәсіпкерлік қызметтің қарқынды дамуы көптеген мемлекеттердің экономикалық құрылымындағы жаңа саланы анықтап қана қоймай, оны әлемнің бірқатар мемлекеттерінің ұлттық экономикасының басым экономикалық құраушы секторына айналдыруда.

Ғылыми жұмыс Қазақстан Республикасының мысалында ауылдық жерлерде экологиялық туризмді (экотуризмді) дамыту мәселесіне арналған, оның өзектілігі ел үшін теңгерімді әлеуметтік-экономикалық дамудың маңыздылығымен анықталады, оның ішінде экологиялық тұрақтылық, жергілікті халықты жұмыспен қамту, табиғи ресурстарды сақтау және т.б. мәселелерін шешуге бағытталған, осыған байланысты экологиялық туризм анықталған мәселелерді шешудің тиімді құралы ретінде қарастырылады.

Қазіргі уақытта экологиялық туризмді дамыту арқылы ауылдық жерлерде экономикалық белсенділікті және кәсіпкерлікті ынталандыруға жағдай жасауға болады, жұмысбастылықтың басқа түрлерімен салыстырғанда айтарлықтай артықшылықтарға ие, себебі ол күрделі шығындарды талап етпейді және ауыл шаруашылығы өндірісінің маусымдылығын есепке ала отырып, экономикалық тұрақсыздық және дағдарыс жағдайында да жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, зерттеудің өзектілігі, бір жағынан, әлемде экологиялық туризмнің танымалдылығының артуы және Қазақстанның осы бағытты дамытудағы айтарлықтай әлеуетіне байланысты, екінші жағынан, ауылдық жерлерде тұрақты экотуристік қызметті ұйымдастыруға қатысты шешілмеген мәселелерді шешу жолдарын іздеумен анықталады. Сонымен бірге, мәселені шешудің теориялық және әдістемелік негіздерін сараптап, бұл шешімді одан әрі практикалық жүзеге асыру қажеттілігі айқын.

Жұмыстың мақсаты: тұрақтылық қағидаттары негізінде Қазақстанның ауылдық аймақтарының теңгерімді әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін экологиялық туризмнің рөлі мен мүмкіндіктерін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

1) ауылдық аумақтарды дамыту контекстінде экологиялық туризмнің идеялары мен ғылыми негіздерінің қалыптасуы мен жай-күйін талдау;

2) ауылдық аумақтарды дамыту үшін экологиялық туризмнің қолданыстағы тәжірибесін зерделеу және жүйелеу;

3) Қазақстанның ауылдық аумақтарын дамыту үшін экологиялық туризмнің қазіргі жағдайы мен мүмкіндіктерін бағалау;

4) Қазақстанның ауылдық жерлерінде экологиялық туризмді дамытуды басқаруды әдістемелік және консультативтік қамтамасыз етуді әзірлеу.

Зерттеу нысаны: ауылдық жерлердегі экологиялық туризм.

Зерттеу субъектісі: Қазақстан Республикасының ауылдық аймақтарының әлеуметтік-экономикалық даму жүйесіне экологиялық туризмді интеграциялаудың үлгілері мен тетіктері.

Зерттеу әдістері. Жұмыста келесі зерттеу әдістері қолданылды: негізгі және қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді ғылыми-теориялық талдау және жалпылау, жүйелік және салыстырмалы талдау әдістері, ақпаратты бейнелеудің графикалық әдістері, карта жасау әдістері, аналитикалық сауалнама, SWOT талдау және сараптамалық бағалау әдістері. Картографиялық материалды жасау кезінде «ArcGIS Pro» компьютерлік бағдарламасы пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелерінің негізгі сипаттамалары:

Түрлі материалдарды, ғылыми еңбектер мен мақалаларды, шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеу нәтижелерін зерделеу барысында біз қазақстандық ғылыми кеңістік үшін бірегей авторлық «экотуризм» ұғымының анықтамасын тұжырымдап, ұсына алдық. Автордың анықтамасы мынадай: Экотуризм – кеңістіктік-аумақтық орналасу ортасына байланыссыз, адамның табиғатпен қарым-қатынас жасауға деген құштарлығын тудыратын және қанағаттандыратын, қоршаған ортаға жағымсыз әсерлерді алдын алатын, туристік әлеуетті табиғат игілігі мен әлеуметтік-экономикалық дамуға қызмет ететін туризм түрі.

Диссертациялық жұмыста біз экотуризм түсінігінің бірқатар даму кезеңдерін – «жеке» зерттеулер мен көпшілікке аз белгілі табиғат тарихынан бастап, белсенді дамып келе жатқан, халықаралық туризм нарығында болашағы жарқын түрлердің бірі болатынын анықтай алдық. Экологиялық туризм бойынша мамандандырылған халықаралық конференциялар, симпозиумдар, конгресстер мен көрмелер жиі өткізіліп тұрады, бұл әлемдік экотуризм қауымдастығын қалыптастыруға және одан әрі дамытуға мүмкіндік береді, бұл оның әлемдік туристік нарықтағы ұстанымының сенімділігін көрсетеді.

Түрлі авторлардың экотуризмге туризмді дамытудың ерекше концепциясы бар рөлді беру әрекеттері негізсіз, экотуризмнің өзіне ешқандай ерекше мәртебе берудің қажеті жоқ. Оның соңғы жарты ғасырдағы теориясы, әдістемесі және практикасы қарқынды дамыды, оның шеңберінде экотуризмнің өзінің де, жеке экотурлардың да қатаң классификациясын құру үшін барлық қажетті ақпараттар бар. Осының аясында біз Қазақстандағы экотуризмді дамыту жөніндегі қызметті сауатты және мақсатты түрде құрылымдауға мүмкіндік беретін экологиялық туризмнің авторлық классификациясын жасадық.

Практикалық көрсеткіштерді алу үшін зерттеу аясында авторлар «қарлы кесек» әдісі бойынша әлеуметтік сауалнама жүргізген болатын. Сауалнама Алматы қаласында, ашық форматта, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің аумағында үш күн бойы, 2018 жылдың 19-21 маусым аралығында жүргізілді. Сауалнамаға 221 респондент қатысты (негізгі контингент – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері мен оқытушылар құрамы). Осы сауалнама арқылы біз экотуристер:

табиғатты жақсы көретінін; табиғат және экология туралы жаңа нәрселерді білгісі келетіндігін; әр түрлі және қызықты демалысты қалайтындығын; мобильді және белсенді уақытты жақсы көруін анықтадық; «икемді» экотур бағдарламасына артықшылық беру; экотурды жауапкершілікпен таңдау; өзін-өзі жетілдіру және дамыту мүмкіндіктерін күту, қоршаған орта туралы жаңа тәжірибе мен білім алу; шытырман әрекеттерге бейім, бірақ экстремалды спортты жақтаушылар емес екендігін анықтадық; жайлылық пен инфрақұрылымға тым жоғары талаптардың болмауы; жергілікті және «қарапайым» өмір сүру жағдайларына бейімделуге дайын екендігін көре алдық.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде біз әлемнің әртүрлі елдеріндегі танымал экодестинациялардан бастап, экотуризмнің ауылдық жерлермен тығыз байланысты елдерге дейінгі экотуризмнің дамуын зерттеп, талдадық. Алынған нәтижелерге сүйене отырып, біз бір ғылыми жұмыс аясында әлемнің 30-дан астам шет елдеріндегі экотуризмнің даму ерекшеліктерін анықтап, бір-бірімен салыстыра алдық..

Шетелдік тәжірибеге негізделген және есепке алынатын экотуризм саласымен айналысатын аумақтардың тұрақты дамуы әлемдік экостандарттарға сәйкес келетін туристік инфрақұрылымды құрумен, ауылдық жерлерде жаңа жұмыс орындарын ұйымдастырумен, жергілікті тұрғындарды жұмысқа тартумен қамтамасыз етіледі. Қызмет көрсету саласында жұмыс істейтін тұрғылықты халық, экотуризм арқасында өмір сүру деңгейін көтере алады, ол туған аумақта шоғырланады.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының туристік нарығында елге келушілерді, сондай-ақ отандық туристерді барлық қажетті ақпаратпен қамтамасыз ете алатын интеграцияланған арнайы қосымша немесе платформа жоқ екенін атап өткіміз келеді, бұл жайт экологиялық туризмге де қатысты. Қазіргі уақытта отандық туроператорлар бірдей дерлік турпакеттерді ұсынады (бастысы, ең танымал көрікті жерлерге бару). Біз өзіміздің жұмысымызда ұсыныстар ауқымын кеңейтуді және ақпараттың қолжетімділігін креативті, инновациялық шешімдермен арттыруды ұсындық, бұл өз кезегінде, сапарлар мен қайта оралу сапарлардың санын көбеюіне себебін тигізеді.

Зерттеу шеңберінде экотуризм принциптеріне сәйкес туристік қызметті ұйымдастырудың авторлық моделі ұсынылды. Модель туристік қызметті ұйымдастыруға қойылатын талаптардың жиынтығы болып табылады және ұйымдастыру шараларының тізбесін қамтиды, оларды жүзеге асыру ауылдық жерлерде экологиялық туризмнің іргелі принциптерін сақтауды қамтамасыз етеді. Авторлық модель түпкілікті туристік өнімнің де, оны өндіру процесінің де немесе жеке туристік қызметтерді көрсетудің де экологиялық туризм принциптеріне сәйкес келуін қамтамасыз етеді. Модельдің өзінде экотуристік қызметті ұйымдастырудың 21 талабы және оны сәтті жүзеге асыру үшін 81 іс-шара анықталды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Экотуризм туралы трансформациялық ойларды жүйелеу және зерттеу, оны ауылдық жерлерде дамыту үшін қажетті ғылыми қолдауды қалыптастыруға

мүмкіндік береді.

2. Ауылдық жерлерде экотуризмді ұйымдастырудың табысты аймақтық және ұлттық үлгілеріне сипаттамалық талдау жасау, Қазақстан жағдайлары үшін тиімді шешімдер мен тәжірибелік әзірлемелер жүйесін қалыптастырудың негізі болып табылады.

3. Қазақстанның ауылдық аумақтарын дамыту экотуризм әлеуетін анықтау және ауылдық жерлерде экологиялық туризм дамытуды басқарудың жалпы тетіктерінің жүйесін әзірлеу негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Жұмыстың ғылыми және практикалық маңызы: Зерттеу нәтижелерінің теориялық маңыздылығы туризмді дамытуда ғылыми экологиялық туризмнің авторлық анықтамасымен және оның дамуының негізгі бағыттарын жіктеумен толықтырылды. Шетелдік тәжірибені ескере отырып, оның тұрақты, теңгерімді, қауіпсіз және тиімді дамуын қамтамасыз ететін Қазақстандағы экологиялық туризмді даму моделі оңтайландырылды.

Жұмыстың практикалық маңызы. Зерттеудің эмпирикалық тұжырымдары экологиялық туризмнің алуан түрлілігін кеңірек және тереңірек түсіну тұрғысынан да, инновациялық идеяларды дамытуға ықпал ете алатын қажетті ақпаратты ұсыну тұрғысынан да, экологиялық туризм қызметтерін жеткізушілер үшін пайдалы болуы мүмкіндігі тұрғысынан да, отандық және шетелдік туристердің күтуіне сәйкес аумақтардағы экологиялық туризмді дамытуға пайдалануға болады.

Жалпы диссертациялық зерттеудің нәтижелері, сондай-ақ оның жеке құрамдас бөліктері, атап айтқанда, картографиялық материалдар, SWOT талдау және т.б., білім беру процесінде пайдаланылатын мемлекеттік мекемелермен, туризм индустриясының кластерлік дамуын жоспарлау үшін пайдаланылуы мүмкін. Диссертациялық жұмыс ғылыми және академиялық сипаттағы бірқатар зерттеулерді толықтыра отырып, туризм саласындағы қазақстандық ғылымның дамуына елеулі үлес қосады.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығын негіздеу:

Елдегі экотуризмді дамыту жоспарларына сәйкес, Қазақстан Республикасындағы туристік индустрияның дамуының ерекшеліктері мен қазіргі жағдайын ескеретін және қазіргі уақытта мақсатты мемлекеттік бағдарламаларда көрініп тұрған олқылықтың орнын толтыра алатын, экотуризмнің авторлық анықтамасы ұсынылды;

Шет елдердің оң тәжірибесін қолдану негізінде Қазақстанның ауылдық жерлерінде экотуризмді дамытудың заманауи үлгісін зерделеу және енгізу бойынша сапалық бағалау жүргізілді;

Заманауи бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, Қазақстан Республикасы аймақтарының контекстінде ауылдық жерлерде экотуризмді дамыту әлеуетінің бірегей картасы жасалынды;

Ғылыми жұмыстағы автордың үлесі. Зерттеу барысында автор аталмыш тақырып бойынша әдебиеттерді талдап, ғылыми жұмыстың мақсаты мен міндеттерін анықтады, мәліметтерді жинап, статистиканы өңдеді,

математикалық есептеулер жүргізіп, зерттеу нәтижелерін талдады. Диссертацияны жазу мен дайындауға да өзі атсалысты.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы. Диссертациялық жұмыс «Нұрлы жол» мемлекеттік инфрақұрылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының туризм саласын дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының туристік саланы дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде жүзеге асырылды.

Жұмыстың апробациясы. Диссертациялық жұмыстың негізгі көрсеткіштері мен нәтижелері республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалған:

– «Туризм және сервистік қызмет: ЕАЭО құру аясындағы Қазақстан Республикасындағы проблемалар мен даму перспективалары» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. (Алматы қ., 14-15 сәуір 2015 ж.).

– «Қонақжайлылық, демалыс, спорт және туризм бойынша халықаралық конференция» (HLST 2016) Халықаралық конференция. (Бангкок қ., Таиланд, 13 қаңтар 2016 ж.).

– Тұрақты туризм және қонақжайлылық бойынша 2-ші халықаралық конференция (ICSTH 2016). (Пенанг қ., Малайзия, 24 ақпан 2016 ж.).

– «Туризм және қызмет көрсету индустриясы: атақ, имидж, бренд» Халықаралық конференциясы (Белгород қ., Ресей, маусым, 2017 ж.)

Зерттеу жұмысының жариялануы.

Диссертациялық жұмыстың қолжазбасы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің география және табиғатты пайдалану факультетінің рекреациялық география және туризм кафедрасында жан-жақты дайындалып, диссертация алдын-ала кафедраның кеңейтілген отырысында қаралған соң, қорғауға ұсынылды. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері бойынша ғылыми басылымдарда 17 ғылыми мақала жарияланды, оның ішінде 3 мақала мен 1 тезис – халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында, 6 мақала – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда: «ҚазҰУ Хабаршысы» журналдарында, География сериясы; Central Asian Economic Review, NARXOZ университеті; «ҚазҰПУ Хабаршысы», Экономика сериясы; «Экономика: стратегия және тәжірибе», Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Экономика институтының журналы және 3 мақала – Scopus және Web of Science халықаралық деректер базасына енгізілген журналдарда жарияланған: «GeoJournal of Tourism and Geosites» (Венгрия) және «Transylvanian journal of tourism and territorial development» (Венгрия).

Жұмыстың құрылымы және көлемі. Диссертация кіріспе, 3 тарау, қорытынды, пайдаланылған 122 әдебиет көзінен және қосымшадан тұрады, жұмыс көлемі 141 беттен, оның ішінде 23 сурет пен 4 кестеден тұрады.